

«АЛМАТЫ АУДАНЫНЫҢ
ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ»
ЗАНДЫ ТҰЛҒАНЫ
МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ

201 4 ж 14 07 ЖҮРГІЗІЛДІ

КУӘЛІК 47844-1301-Н/1

БСН 140740011216

«АЛМАТЫ АУДАНЫНЫҢ
ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ»
ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕМЕН
ЖӨНЕ ТОЛЫҚТЫРУЛАР

201 9 ж 22 06 ЖҮРГІЗІЛДІ

БСН 140740011216

АЛҒАШҚЫ ТІРКЕМЕН КҮНІ 14.07 ЖЫЛ 2014

КУӘЛІК № 9582-1301-03-Н/1

Приложение № 11

к протоколу очного заседания Совета директоров
АО «Baiterek Venture Fund»

от « 5 » 06 2019 года (протокол № 7/19)

Утвержден решением Единственного акционера
акционерного общества «Baiterek Venture Fund»

от « 5 » 06 2019 года (протокол № 7/19)

«Baiterek Venture Fund» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ ЖАРҒЫСЫ

Нұр - Султан, 2019 жыл

«Baiterek Venture Fund» акционерлік қоғамының осы Жарғысы оның атауын, орналасқан жерін, органдарының қалыптасу тәртібі мен құзыретін, Қоғам қызметін қайта ұйымдастыру және тоқтату талаптарын және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да жағдайларды белгілейді.

1-БАП ҚОҒАМНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ

1.1. «Baiterek Venture Fund» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Қоғам») «Қазына Капитал Менеджмент» акционерлік қоғамы директорлар кеңесінің 2014 жылғы 24 мамырдағы № 81 «Baiterek Venture Fund» акционерлік қоғамы еншілес компаниясын құру туралы шешіміне сәйкес құрылды.

1.2. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылады және өз қызметін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, сондай – ақ осы Жарғыға (бұдан әрі – «Жарғы») және Қоғамның басқа да құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

1.3. Қоғам Қазақстан Республикасының Әділет органдарында мемлекеттік тіркелген сәттен бастап заңды тұлға мәртебесіне ие болады.

1.4. Қоғамның дербес балансы, банктік шоттары, оның ішінде валюталық шоттары, мемлекеттік және орыс тілдерінде толық фирмалық атауы көрсетілген мөрі, тауар танбасы болады және белгіленген тәртіппен үлгілері бекітілетін және тіркелетін өзге де нышандары, сондай-ақ мемлекеттік, орыс тілдеріндегі мөртабандары, фирмалық бланкілері және басқа да деректемелері бола алады.

2- БАП АТАУЫ, ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ

2.1. Қоғамның толық атауы:

қазақ тілінде: «Baiterek Venture Fund» акционерлік қоғамы;

орыс тілінде: Акционерное общество «Baiterek Venture Fund»;

ағылшын тілінде: Baiterek Venture Fund Joint Stock Company.

Қоғамның қысқартылған атауы:

қазақ тілінде: «BVF» АҚ;

орыс тілінде: АО «BVF»;

ағылшын тілінде: BVF JSC.

2.2. Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Z05T2H3, Нұр – Сұлтан қ., Есіл ауданы, Мәңгілік ел даңғылы, 55А құрылысы.

2.3. Қоғамның қызмет ету мерзімі шектеусіз.

3-БАП БІРДЕН – БІР АКЦИОНЕР

3.1 Қоғамның бірден-бір акционері «Қазына Капитал Менеджмент» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Бірден-бір акционер») болып табылады.

4-БАП ҚОҒАМНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

4.1. Қоғам өз атынан мүліктік және мүліктік емес құқықтарды сатып алуы және жүзеге асыруы және міндеттемелерді өзіне алуы мүмкін.

4.2. Қоғам толыққанды тәуелсіз болып табылады, Қоғамның дербес балансы, банктік шоттары болады, Бірден-бір акционерден оқшауланған мүлікке ие және оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Қоғам өз мүлкі шегінде өз міндеттемелері

бойынша жауап береді.

4.3. Бірден-бір акционер Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, өзіне тиесілі акциялар құнының шегінде Қоғам қызметіне байланысты шығындар тәуекеліне жауапты болады.

4.4. Қоғам мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, сол сияқты мемлекет Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

4.5. Қоғам өз атынан мәмілелер (шарттар, келісімдер, келісімшарттар) жасап, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттемелерді сатып алуы, сотта талапкер немесе жауапкер болуы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да әрекеттерді жүзеге асыруы мүмкін.

4.6. Қоғам күзетшілік құжаттарды, технологияларды, «ноу-хау» және басқа да ақпаратты иелену және пайдалану құқығын сатып алуы және ұсынуы мүмкін.

4.7. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында шығарылуы, орналастырылуы және өтеу шарттары мен тәртібі белгіленген құнды қағаздарды шығара алады.

4.8. Қоғам еншілес және тәуелді заңды тұлғаларды құруға, сондай-ақ осы Жарғыда және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағындағы және одан тыс жерлердегі басқа да заңды тұлғалардың жарғылық капиталы мен қызметіне қатысуға құқылы.

4.9. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда көзделген тәртіппен Қоғамның атынан және оның тапсырысы бойынша Ереже негізінде іс-әрекет жасайтын Қазақстан Республикасында және шетелде өз филиалдары мен өкілдіктерін құра алады, оларға меншікті мүлік есебінен негізгі және айналым қаражатын үлестіріп бере алады және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес олардың қызметінің тәртібін анықтай алады. Филиалдың немесе өкілдіктің мүлкі олардың жеке теңгерімінде және жалпы Қоғамның теңгерімінде болып есептеледі.

4.10. Филиалдар немесе өкілдердің қызметін басшылыққа алуды Қоғам Басқармасы тағайындайтын тұлғалар жүзеге асырады. Филиалдар мен өкілдіктердің басшылары Қоғам берген сенімхат негізінде әрекет етеді.

4.11. Қоғам қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес Қоғамның қызметіне қатысты барлық мәселелерді өз бетінше шешеді.

4.12. Қоғам белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағында және одан тысқары жерлерде орналасқан банктерде және басқа да қаржы ұйымдарында ұлттық, сондай-ақ шетел валютасында шоттар ашуға құқылы.

4.13. Қоғамның Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазақстандық, сондай-ақ шетелдік заңды тұлғалардан қарыз алуға және теңгемен және шетел валютасымен кредиттерді пайдалануға құқығы бар.

4.14. Қоғам белгіленген тәртіппен сарапшылар мен кеңесшілерді тартуға құқылы.

4.15. Қоғам ішкі нормативтік құжаттаманы әзірлейді және бекітеді.

4.16. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа құқықтарға ие болуы және басқа да міндеттерге жауап беруі мүмкін.

5-БАП

ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТІНІҢ МӘНІ МЕН МАҚСАТТАРЫ

5.1 Қоғам қызметінің мәні инвестициялық және соған байланысты басқа да Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған қызметтерді іске асыру болып табылады.

5.2 Қоғам қызметінің мақсаттары:

5.2.1 іске асқан инвестициялар құнын арттыру және сондай заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысу акцияларын/үлестерін кейін іске асыру мақсатында,

Қазақстан Республикасында жаңадан құрылып жатқан, сондай-ақ жұмыс істеп жатқан заңды тұлғалардың жарғылық капиталына инвестицияны іске асыру;

5.2.2 индустриалды-инновациялық даму саласындағы мемлекеттік бағдарламалардың жобаларын іске асыруға көмектесу;

5.2.3 халықаралық тәжірибе мен стандарттарды қолдану негізінде жобалардың инвестициялық портфелін басқарудың озық тәжірибесін жасау болып табылады;

5.2.4 Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған жобаларға инвестициялаудың өзге де тәсілдерін, оның ішінде қарыздар беру жолымен қолдану.

5.3 Өз мақсаттарына қол жеткізу үшін Қоғам келесідей қызмет түрлерін іске асырады: Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес инвестициялық саясатты іске асырады;

5.4 Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған қызметтің кез келген түрлерімен айналысуы мүмкін, егер оған арналған кез келген қажетті арнайы рұқсаттар және/немесе лицензиялары болған жағдайда. Қоғамның онымен айналысуға лицензия қажет болатын қызмет саласындағы құқықтық қабілеттілігі осындай лицензия алған сәттен бастап пайда болады және заң тәртібімен белгіленген алып тастау, қолданылу мерзімі аяқталған немесе заңсыз деп танылған сәтте тоқтатылады.

6-БАП

ҚОҒАМНЫҢ МҮЛКІ

6.1 Қоғам мүлкі:

6.1.1 Бірден-бір акционердің Қоғам акцияларын төлеуге тапсырған ақшалары және басқа мүліктері;

6.1.2 Қоғам қызметінің нәтижесінде алынған табыстар;

6.1.3 Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған негіздерде сатып алынған басқа мүліктер есебінен қалыптастырылады.

7-БАП

ҚОҒАМНЫҢ ҚҰНДЫ ҚАҒАЗДАРЫН ОРНАЛАСТЫРУ ШАРТТАРЫ

7.1 Қоғам акциялар, облигациялар, айырбасталатын және басқа да құнды қағаздарды, соның ішінде туынды қағаздар шығаруды іске асыруға құқылы. Қоғамның құнды қағаздарды шығару, орналастыру, айналымы және өтеу шарттары мен тәртібі құнды қағаздар шығаратын және/немесе айналымға шығаратын елдің заңнамасымен айқындалады.

7.2 Қоғам тек жай акцияларды шығарады.

7.3 Жай акция Бірден-бір акционерге оның айрықша құзыретіне жататын барлық мәселелер бойынша шешімдер қабылдау кезінде дауыс беру, Қоғамның таза табысы болған жағдайда Бірден-бір акционердің тиісті шешімі негізінде дивидендтер алу, сондай-ақ Қоғам таратылған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қоғам мүлкінің бөлігін алу құқығын береді.

7.4 Қоғам акцияларын шығару құжаттамалық емес нысанда іске асырылады.

7.5 Акцияларды шығару, орналастыру, айналымы және өтеу шарттары мен тәртібі, сондай-ақ жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және акциялар шығару проспектімен белгіленеді.

7.6 Орналастырылатын акцияларға ақы төлеуге ақша, мүліктік құқықтар (зияткерлік меншік нысандарына деген құқықтар) және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда басқа да мүлік енгізілуі мүмкін.

7.7 Ақшадан басқа мүлспен ақы төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген лицензияның негізінде әрекет ететін бағалаушы айқындайтын баға бойынша іске асырылады.

7.8 Қоғам акциялардың ұстаушылардың тізілімі жүйесін қалыптастыруды жүргізуді

және сақтауды Қоғамның үлестес тұлғасы және оның үлестес тұлғалары болмауы болмауы тиіс Қоғамның тәуелсіз тіркеушісі жүзеге асырады.

7.9 Қоғам өзі орналастырған құнды қағаздарды кепілдікке мынадай жағдайларда ғана алуы мүмкін, егер:

7.9.1 кепілдікке тапсырылатын құнды қағаздар толық төленген болса;

7.9.2 Қоғамға кепілдікке тапсырылып жатқан және кепілдікте тұрған акциялардың жалпы саны Қоғам сатып алған акцияларды қоспағанда, Қоғам орналастырған акциялардың жиырма бес пайызынан аспайтын болса;

7.9.3 құнды қағаздардың кепілдігі туралы шартты Қоғамның Директорлар кеңесі мақұлдаған болса.

7.10 Облигацияларды шығару, орналастыру, айналымы, олар бойынша сыйақы төлеу, өтеу және оларды сатудан түскен қаражатты пайдалану шарттары мен тәртібі облигацияларды шығаратын және/немесе айналымға шығаратын елдің заңнамасымен, облигациялар шығару проспектімен және Қоғамның ішкі құжаттарымен айқындалады.

8-БАП

ТАЗА ТАБЫСТЫ БӨЛУ ТӘРТІБІ. АКЦИЯЛАР БОЙЫНША ДИВИДЕНДТЕР

8.1 Қоғамның таза табысы (салықтар және бюджетке төленетін міндетті төлемдер төленгеннен кейін) Қоғамның қарауында қалады және Бірден-бір акционердің белгілі бір шешімімен бөлінеді, соның ішінде дивидендтерді төлеуге бөлінеді. Қалған бөлігі Қоғамды дамытуға және Бірден-бір акционердің шешімімен көзделген басқа да мақсаттарға бағытталады.

8.2 Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу жылдың қорытындысы бойынша, егер Бірден-бір акционер дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдаған жағдайда, оның қалауымен іске асырылады.

8.3 Бірден-бір акционер шешім қабылдаған күннен бастап он жұмыс күні ішінде оларды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялап, жылдың қорытындылары бойынша жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдауға құқылы.

8.4 Қоғамның жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданған күннен бастап он жұмыс күні ішінде бұл шешім бұқаралық ақпарат құралдарында және Қоғамның корпоративтік веб-сайтында жариялануы тиіс. Дивидендтер төлеу туралы шешімде мынадай ақпарат қамтылуы тиіс:

8.4.1 Қоғамның атауы, орналасқан жері, банктік және басқа да деректемелер;

8.4.2 дивидендтер төленетін кезең;

8.4.3 бір жай акцияға шаққандағы дивидендтің мөлшері;

8.4.4 дивидендтерді төлеу басталатын күн;

8.4.5 дивидендтерді төлеу тәртібі мен нысаны.

8.5 Орналастырылмаған немесе Қоғамның өзі сатып алған акциялар бойынша, сондай-ақ егер сот немесе Бірден-бір акционер оны тарату туралы шешім қабылдаса, дивидендтер есептелмейді және төленбейді.

8.6 Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер есептеуге жол берілмейді:

8.6.1 меншікті капиталдың теріс болған жағдайда немесе егер Қоғамның меншікті капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде теріс болса;

8.6.2 егер Қоғам Қазақстан Республикасының банкроттық туралы төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне жауап берсе не көрсетілген белгілер Қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтер төлеу нәтижесінде пайда болса;

8.6.3 «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда.

9-БАП БІРДЕН-БІР АКЦИОНЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

- 9.1 Бірден-бір акционер құқылы:
- 9.1.1 Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Жарғыда көзделген тәртіппен қоғамды басқаруға қатысуға;
- 9.1.2 дивидендтер алуға;
- 9.1.3 Қоғамның қызметі туралы, оның ішінде, құпия сипаттағы ақпаратты қоса алғанда, үлестес тұлғалар туралы ақпаратты, егер сұрау салуда өзге мерзімдер белгіленбесе, Қоғам сұрау салуды алған сәттен бастап он күнтізбелік күннен кешіктірмей алуға, сондай-ақ Қоғамның Жарғысында белгіленген тәртіппен Қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға;
- 9.1.4 орталық депозитарийден немесе номиналды ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алу;
- 9.1.5 Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау;
- 9.1.6 Қоғам органдары қабылдаған шешімдерге сот тәртібімен дау айту;
- 9.1.7 Қоғамның лауазымды адамдарының қоғамға келтірілген залалдарды қоғамға өтеуі және Қоғамның лауазымды адамдарының және (немесе) олардың үлестес тұлғаларының ірі мәмілелер және (немесе) жасалуына мүдделілік бар мәмілелер жасасу (жасасуға ұсыныс жасау) туралы шешімдер қабылдау нәтижесінде алған пайданы (табысты) қоғамға қайтаруы туралы талаппен Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда өз атынан сот органдарына жүгінуге құқылы.;
- 9.1.8 Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сауалдармен жүгінуге және белгіленген мерзімде дәлелді жауап алуға;
- 9.1.9 Қоғам таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне;
- 9.1.10 Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қоғамның акцияларын немесе оның акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарын басымдықпен сатып алуға;
- 9.1.11 Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;
- 9.1.12 аудиторлық ұйымның өз есебінен Қоғамның аудитін жүргізуін талап етуге;
- 9.1.13 Қоғам органдары Қазақстан Республикасы заңнамасының және осы Жарғының нормаларын бұзатын іс-әрекеттер жасаған жағдайда өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін мемлекеттік органдарға жүгінуге;
- 9.1.14 Қоғамда тексерулер (ревизиялар) жүргізуге.
- 9.2 Бірден -бір акционердің Қазақстан Республикасының заңнамасында және жарғыда көзделген басқа да құқықтары болуы мүмкін.
- 9.3 Бірден-бір акционер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген міндеттерді орындайды.
- 9.4 Бірден-бір акционер Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты жарияламайды.

10-БАП ҚОҒАМНЫҢ ОРГАНДАРЫ

- 10.1. Қоғамның органдары:
- 10.1.1. жоғарғы орган – Бірден-бір акционер;
- 10.1.2. басқару органы – Директорлар кеңесі;
- 10.1.3. атқарушы орган – Басқарма;
- 10.1.4. Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды – Ішкі аудит қызметі.



11-БАП БІРДЕН-БІР АКЦИОНЕР

11.1. Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғам Жарғысымен акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне қатысты мәселелер бойынша шешімдерді Бірден-бір акционер Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Жарғыға және Бірден-бір акционердің Жарғысына сәйкес қабылдайды.

11.2. Бірден-бір акционер жыл сайын қаржы жылы аяқталғаннан кейін бес ай ішінде акционерлердің жылдық жалпы жиналысының құзыретін қатысты мәселелер бойынша шешім қабылдауға міндетті. Есеп беру кезеңі бойынша Қоғам қызметінің аудитін аяқтау мүмкін емес болған жағдайда көрсетілген мерзім үш айға дейін ұзартылған болып саналады.

11.3. Бірден-бір акционердің шешім қабылдауы үшін акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне қатысты мәселелерді дайындауды Басқарма, онымен жасалған шартқа сәйкес Қоғамның тіркеушісі, Директорлар кеңесі іске асырады.

11.4. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының құзыретіне қатысты мәселелерді Бірден-бір акционердің қарауына ұсынуға Директорлар кеңесі бастамашылық етеді.

11.5. Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне қатысты басқа мәселелерді Бірден-бір акционердің қарауына ұсынуға Директорлар кеңесі, немесе Бірден-бір акционердің өзі бастамашылық етеді, ал ерікті түрде тарату процесінде Қоғамның тарату комиссиясы да бастамашылық ете алады.

11.6. Қазақстан Республикасының заң актілерінде Бірден-бір акционердің қарауына мәселелерді міндетті ұсыну жағдайлары көзделуі мүмкін.

11.7. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, Бірден-бір акционердің қарауына мәселелерді енгізу бойынша шығындарға Қоғам жауапты болады.

11.8. Бірден-бір акционердің қарауына ұсынылатын мәселелер жөніндегі материалдарда осы бойынша негізді шешімдер қабылдау үшін қажетті көлемдегі ақпарат қамтылуы тиіс.

11.9. Қоғам органдары мүшелерін сайлау мәселелері жөніндегі материалдарда ұсынылып отырған кандидаттар туралы мынадай ақпарат болуы тиіс:

11.9.1 аты-жөні, сондай-ақ тілегі бойынша әкесінің аты;

11.9.2 білімі туралы мәліметтер;

11.9.3 Қоғамға қатысты үлестілік туралы мәліметтер;

11.9.4 соңғы үш жылдағы жұмыс орындары мен атқарған лауазымдары туралы мәліметтер;

11.9.5 кандидаттардың біліктілігін, жұмыс тәжірибесін растайтын өзге де ақпарат.

11.10 Бірден-бір акционердің қарауына Директорлар кеңесін сайлау туралы мәселе ұсынылған жағдайда, материалдарда Директорлар кеңесінің мүшелігіне ұсынылып отырған кандидат Бірден-бір акционердің өкілі болып табылатындығы және (немесе) ол Қоғамның тәуелсіз директоры лауазымына кандидат болып табылатындығына табылмайтындығы көрсетілуі тиіс.

11.11 Бірден-бір акционердің қарауына ұсынылатын акционерлердің жылдық жалпы жиналысының құзыретіне қатысты мәселелер жөніндегі материалдар мыналарды қамтуы тиіс:

11.1.1 Қоғамның жылдық қаржы есептілігін;

11.1.2 Қоғамның жылдық қаржы есептілігіне аудиторлық есепті;

11.1.3 Қоғамның өткен қаржы жылындағы таза пайдасын бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына есеп айырысуда дивидендтің мөлшері туралы Директорлар кеңесінің ұсыныстарын;

11.1.4 қарауына ұсыну бастамашының қалауы бойынша басқа да құжаттар.

11.2 Бірден-бір акционер шешімдерінің көшірмелерін Басқарма сақтауы және кез

келген уақытта Бірден-бір акционерге танысу үшін ұсынуы тиіс. Бірден-бір акционердің талабы бойынша оған Бірден-бір акционер шешімінің көшірмесі беріледі.

12-БАП

БІРДЕН-БІР АКЦИОНЕРДІҢ ҚҰЗЫРЕТІ

Бірден-бір акционердің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

12.1.1 Қоғамның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;

12.1.2 Қоғамның корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;

12.1.3 Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;

12.1.4 Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;

12.1.5 Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін айқындау, сондай-ақ оларды өзгерту;

12.1.6 Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;

12.1.7 орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастау туралы шешім қабылдау, осындай айырбастаудың шарттарын, мерзімдерін және тәртібін айқындау;

12.1.8 Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның ішінде Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімін ұзарту, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, директорлар Кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақы төлеу және шығыстарды өтеу мөлшері мен шарттарын айқындау;

12.1.9 Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау;

12.1.10 жылдық қаржылық есептілікті бекіту;

12.1.11 есепті қаржы жылындағы Қоғамның таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;

12.1.12 Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлемеу туралы шешім қабылдау;

12.1.13 Қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;

12.1.14 Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомда активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы Қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы не өзге заңды тұлғалардың қатысушыларының (акционерлерінің) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;

12.1.15 Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қоғам ұйымдастырылмаған нарықта акцияларды сатып алған кезде олардың құнын айқындау әдістемесіне өзгерістерді бекіту;

12.1.16 Бірден-бір акционерге Қоғамның қызметі туралы ақпаратты беру тәртібін айқындау, егер мұндай тәртіп Жарғыда айқындалмаса;

12.1.17 "алтын акцияны" енгізу және жою;

12.1.18 Қоғамның нәтижесінде оның активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан да көп пайызы сатып алынатын немесе неліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе неліктен шығарылуы мүмкін) не қоғамның ірі мәміле жасасуына мүдделілік бар ірі мәміле жасасуы туралы шешім қабылданған күнгі құны акционерлік қоғам активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті қоғам сатып алатын немесе неліктен шығаратын (сатып алуы немесе неліктен шығаруы мүмкін) ірі мәміле жасасуы туралы шешім қабылдау;

12.1.19 Қоғамның Бірден-бір акционері белгілеген тізбе бойынша Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту;

12.1.20 Қоғамға оның қызметі мәселелері бойынша орындау үшін тікелей (жедел) тапсырмалар беру;

12.1.21 Қоғамда тексерулер (ревизиялар) тағайындау туралы шешімдер қабылдау;

12.1.22 "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен (бұдан әрі – «Заң») және (немесе) Қоғамның Жарғысымен Бірден-бір акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер бойынша шешімдер қабылдау.

12.2 Жарғыда Бірден-бір акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, Қоғамның басқа органдарының, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің құзыретіне берілмейді. Бірден-бір акционер Қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Қоғамның өзге органдарының кез келген шешімін жоюға құқылы.

13-БАП

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

13.1 Директорлар кеңесі-Занда және Жарғыда Бірден-бір акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыратын Қоғамның басқару органы.

13.2 Директорлар кеңесі өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, Жарғыны, Бірден-бір акционердің шешімдерін және Қоғамның ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

13.3 Директорлар кеңесінің құрамы 3 (үш) адамнан кем емес мөлшерде айқындалады. Кем дегенде отыз пайызы директорлар Кеңесінің құрамындағы тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

13.4 Директорлар кеңесінің төрағасын Директорлар кеңесі Директорлар кеңесі мүшелерінің арасынан Бірден-бір акционердің ұсынымын ескере отырып ашық дауыс беру арқылы сайлайды.

13.5 Басқарма Төрағасынан басқа басқарма мүшелері Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Басқарма төрағасы Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

13.6 Директорлар Кеңесінің мүшелері мыналардың қатарынан:

13.6.1 Қоғамның Бірден-бір акционерінің өкілдері ретінде Директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылған (ұсынылған) тұлғалардың;

13.6.2 Бірден-бір акционердің өкілі ретінде Директорлар кеңесіне сайлануға ұсынылмаған (ұсынылмаған) жеке тұлғалардың қатарынан сайланады.

13.7 Мына тұлға Директорлар кеңесінің мүшесі бола алмайды:

13.7.1 Занда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар;

13.7.2 белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны мәжбүрлеп тарату немесе акцияларын мәжбүрлеп сатып алу немесе консервациялау туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңде бұрын басқа заңды тұлғаның Директорлар кеңесінің төрағасы, Басқарма Төрағасы, Басқарма төрағасының орынбасары, бас бухгалтері болып табылған. Аталған талап белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны мәжбүрлеп тарату немесе акцияларын мәжбүрлеп сатып алу немесе консервациялау туралы шешім қабылданған күннен кейін 5 (бес) жыл ішінде қолданылады.

13.8 Директорлар кеңесінің мүшелігіне Кандидат өзінің міндеттерін орындау және Бірден-бір акционер мен қоғам мүддесінде барлық директорлар кеңесінің тиімді жұмысын ұйымдастыру үшін қажетті іскерлік және сапалық ортада тиісті жұмыс тәжірибесі, білімі, біліктілігі, оң жетістіктері мен мінсіз беделі болуы тиіс. Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры ретінде Директорлар кеңесінің мүшелігіне сайлау үшін Кандидат Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген талаптарды қанағаттандыруы тиіс.

- 13.9 Директорлар кеңесінің төрағасы мынадай функцияларды жүзеге асырады:
- 13.9.1 Қоғамның Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады;
- 13.9.2 Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын жүргізеді;
- 13.9.3 Қоғамның Директорлар кеңесінің тиімді қызметін қамтамасыз етеді;
- 13.9.4 Қоғамның Бірден-бір акционерімен тиімді байланысты қамтамасыз етеді;
- 13.9.5 Қоғамның Бірден-бір акционерінің шешімдері негізінде тәуелсіз директорлар – Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерімен шарттар жасасады. Егер Директорлар кеңесінің төрағасы тәуелсіз директорлар болып табылған жағдайда, тәуелсіз директорлармен шарттар Бірден-бір акционер уәкілеттік берген тұлға немесе өзге де уәкілетті тұлға жасайды;
- 13.9.6 Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Жарғыда және Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.
- 13.10 Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда оның функцияларын Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.
- 13.11 Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттігі Бірден-бір акционердің шешімі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.
- 13.12 Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін оның бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату жазбаша хабарлама негізінде жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі, егер хабарламада Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату күні көрсетілмесе, Директорлар кеңесі көрсетілген хабарламаны алған сәттен бастап тоқтатылады. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлауды Бірден-бір акционер жүзеге асырады. Бұл ретте Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесінің өкілеттігі жалпы Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімінің аяқталуымен бір мезгілде аяқталады.
- 13.13 Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімін Бірден-бір акционер белгілейді.
- Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамына сайланған тұлғалар, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Жарғыда өзгеше көзделмесе, шектеусіз рет қайта сайлана алады. Тәуелсіз директорлар үш жылдан аспайтын мерзімге сайланады, кейіннен олардың қызметін бағалаудың қанағаттанарлық нәтижелері болған жағдайда тәуелсіз директорлар үш жылға дейінгі мерзімге қайта сайлануы мүмкін.
- Директорлар кеңесінің құрамына Қатарынан алты жылдан астам мерзімге Тәуелсіз директорларды сайлау мерзімі Директорлар кеңесі мүшесінің жұмыс нәтижелері мен қызметін бағалау нәтижелерін, сондай-ақ Қоғамның ішкі құжатында белгіленген тәртіппен Директорлар кеңесінің құрамын сапалы жаңарту қажеттілігін ескере отырып, ерекше қарауға жатады. Тәуелсіз директорлар қатарындағы бір тұлға қатарынан тоғыз жылдан астам директорлар Кеңесіне сайлана алмайды. Айрықша жағдайларда тоғыз жылдан астам мерзімге сайлануға жол беріледі, бұл ретте мұндай тұлғаны Директорлар кеңесіне сайлау жыл сайын немесе өзге мерзімде өтеді, бұл фактінің Директорлар кеңесінің осы мүшесін сайлау қажеттігі және осы фактінің шешім қабылдаудың тәуелсіздігіне әсері егжей-тегжейлі түсіндіріледі.
- 13.14 Директорлар кеңесінің отырысы Директорлар Кеңесі немесе Басқарма Төрағасының бастамасы бойынша не талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін:
- 13.14.1 Директорлар Кеңесінің кез келген мүшесінің;
- 13.14.2 ішкі аудит қызметінің;
- 13.14.3 Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;
- 13.14.4 Бірден-бір акционердің.
- 13.15 Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар Кеңесінің Төрағасына Директорлар кеңесі отырысының ұсынылатын күні тәртібі бар тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы қойылады:

13.5.1. Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда бастамашы аталған талаппен қоғам басқармасына жүгінуге құқылы, ол қоғамның директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті;

13.5.2 Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысы аталған талапты ұсынған тұлғаны міндетті түрде шақыра отырып өткізіледі.

13.16 Директорлар кеңесінің отырысын Директорлар кеңесінің төрағасы немесе басқарма шақыру туралы талап түскен күннен бастап он күннен кешіктірмей шақыруға тиіс.

13.17 Директорлар Кеңесінің мүшелеріне Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарлама жіберу тәртібін Директорлар кеңесі айқындайды. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарлама "алтын акцияның" несіне (ол енгізілген жағдайда) отырыстың Күні, уақыты, орны және күн тәртібі, отырысты өткізу нысаны көрсетіліп, отырысқа дейін 10 (он) күннен кешіктірмей жазбаша нысанда жіберіледі.

13.18 Директорлар кеңесінің мүшесі егер ол Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысына қатыса алмаса, Басқармаға алдын ала хабарлауға міндетті.

13.19 Директорлар кеңесінің отырыстарын өткізуге арналған Кворум Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының кемінде жартысын құрайды. Қоғамның Директорлар кеңесі мәжілісті конференц – байланысты, телефон байланысын пайдалана отырып өткізе алады.

13.20 Егер Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны осы Жарғының 13.19-тармағында айқындалған кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Директорлар кеңесі Бірден-бір акционердің қарауына Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау мәселесін шығаруға міндетті. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері мұндай мәселені Бірден-бір акционердің қарауына шығару туралы ғана шешім қабылдауға құқылы.

13.21 Директорлар кеңесінің шешімдері отырысқа қатысқан (сырттай дауыс беруге қатысқан) Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады.

13.22 Директорлар кеңесінің отырысында мәселелерді шешу кезінде Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие болады. Директорлар кеңесі мүшесінің дауыс беру құқығы өзге тұлғаға берілмейді.

13.23 Дауыстар тең болған жағдайда Директорлар Кеңесі Төрағасының немесе директорлар кеңесінің отырысында төрағалық етуші тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.

13.24 Директорлар кеңесі отырысының шешімдерін жедел қабылдау мақсатында орналасқан жерінен тыс орналасқан және директорлар кеңесінің отырысына қатысуға өз ниетін білдірген Директорлар кеңесінің мүшелерімен тиісті байланыс құралдарын (аудио, бейне) қолдана отырып, селекторлық кеңес арқылы ұйымдастырылуы мүмкін. Бұл ретте Директорлар кеңесінің алдағы отырыстарына Барлық материалдар белгіленген тәртіппен Директорлар кеңесінің жоқ мүшелеріне жіберіледі.

13.25 Отырысқа жеке қатысуға мүмкіндігі жоқ Директорлар кеңесінің мүшесі күн тәртібіндегі мәселелер бойынша өз пікірін жазбаша білдіруге құқылы. Директорлар кеңесінің мүшесі жазбаша пікірді Директорлар кеңесінің отырысы өткізілгенге дейін 1 (бір) күнтізбелік күннен кешіктірмей ұсынуы тиіс.

13.26 Директорлар кеңесінің отырысында төрағалық етуші Директорлар кеңесінің отырысында жоқ Директорлар кеңесі мүшелерінің ұсынылған жазбаша пікірлерін күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беру басталғанға дейін жариялауға міндетті.

13.27 Көзбе-көз тәртіпте өткізілген отырыста қабылданған Директорлар кеңесінің шешімдері хаттамамен ресімделеді, оған отырыста төрағалық еткен тұлға және Қоғамның корпоративтік хатшысы (Директорлар кеңесінің хатшысы) отырыс өткізілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде қол қояды.

13.28 Директорлар кеңесінің шешімі Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін.

Ақ

13.29 Бюллетеньдерді қабылдау аяқталған күннен кешіктірмей дауыс беруге арналған өз бюллетеньдерін тапсырған Директорлар кеңесінің мүшелері сырттай дауыс беруге қатысқандар болып есептеледі.

13.30 Директорлар Кеңесінің мүшелеріне сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді жіберген кезде директорлар кеңесінің корпоративтік хатшысы (Директорлар кеңесінің хатшысы) олардың дұрыс және біркелкі жасалуын өз қолымен куәландырады.

13.31 Сырттай дауыс беру арқылы шешім белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерде кворум болған жағдайда қабылданды деп танылады.

13.32 Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары және директорлар кеңесінің сырттай дауыс беру жолымен қабылданған шешімдері, сондай-ақ қол қойылған бюллетеньдер қоғамда Директорлар кеңесінің корпоративтік хатшысында (Директорлар кеңесінің хатшысында) сақталады.

13.33 Директорлар кеңесінің корпоративтік хатшысы (Директорлар кеңесінің хатшысы) Директорлар кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша оған Директорлар кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру жолымен қабылданған шешімдерді танысу үшін беруге және (немесе) оған Хаттама мен шешімнен өзінің қолымен және Қоғам мәрінің бедерімен расталған үзінді көшірмелер беруге міндетті.

13.34 Директорлар кеңесінің сырттай отырыстарының хаттамаларын және шешімдері мен бюллетеньдерін жасау тәртібі, сондай-ақ оларды сақтау және олармен Директорлар кеңесінің мүшелерін таныстыру тәртібі Қоғамның ішкі құжатымен белгіленеді.

13.35 Бірден-бір акционердің шешімі бойынша Директорлар Кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін орындау кезеңінде сыйақы төленуі мүмкін және (немесе) олардың Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің функцияларын орындауына байланысты шығыстар өтелуі мүмкін. Мұндай сыйақы мен өтемақылардың мөлшері Бірден-бір Акционердің шешімімен белгіленеді.

13.36 Аса маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсынымдар дайындау үшін қоғамда Директорлар кеңесінің комитеттері құрылады.

13.37 Директорлар кеңесі комитеттерін қалыптастыру және олардың жұмыс істеу тәртібі, сондай-ақ Директорлар кеңесі комитетінің сандық құрамы Директорлар кеңесі бекітетін қоғамның ішкі құжаттарында белгіленеді.

14-БАП

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰЗЫРЕТІ

14.1 Директорлар Кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

14.1.1 Қоғам қызметінің басым бағыттарын және Қоғамның даму стратегиясын анықтау, өзгерістер, толықтырулар енгізу және оны іске асыру мониторингі;

14.1.2 Қоғамның даму жоспарын бекіту, сондай-ақ өзгерістер, толықтырулар енгізу және оны іске асыру мониторингі;

14.1.3 Қоғамның даму стратегиясын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту, өзгерістер мен толықтырулар енгізу, сондай-ақ оны іске асыру мониторингі;

14.1.4 Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

14.1.5 Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;

14.1.6 Қоғамның Директорлар кеңесінің комитеттерін құру, олар туралы Ережелерді бекіту, сондай-ақ Директорлар кеңесі комитеттерінің мүшелерін сайлау, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның ішінде Директорлар кеңесі комитеттері мүшелерінің өкілеттік мерзімін ұзарту, Директорлар кеңесі комитеттері мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

14.1.7 Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі комитеттерінің, Директорлар кеңесінің Корпоративтік хатшысының (Директорлар кеңесі хатшысының), ішкі аудит

қызметі басшысының жұмысы туралы есептерді бекіту;

14.1.8 Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын анықтау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;

14.1.9 Басқарманың сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, соның ішінде Басқарманың өкілеттік мерзімін ұзарту, оның жұмыс тәртібі, Басқарма Төрағасы мен мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, Қоғам басқармасының мүшелерін тәртіптік жауапкершілікке тарту, тәртіптік жазаларды мерзімінен бұрын алып тастау;

14.1.10 Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, жарияланған акциялардың саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

14.1.11 Басқарма Төрағасы мен Қоғамның Басқарма мүшелерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін және еңбекақы төлеу шарттарын, сыйлықақы беру және әлеуметтік қолдауды айқындау, есепті кезеңдегі қызмет қорытындылары бойынша Басқарма Төрағасы мен Қоғамның Басқарма мүшелеріне сыйақы беру туралы шешім қабылдау;

14.1.12 ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметінің қызметкерлеріне еңбекақы төлеу, сыйлықақы беру және әлеуметтік қолдау мөлшері мен шарттарын айқындау, қоғамның ішкі аудит қызметінің қызметкерлеріне сыйақы беру туралы шешім қабылдау, Қоғамның Ішкі аудит қызметінің қызметкерлерін тәртіптік жауапкершілікке тарту, тәртіптік жазаларды мерзімінен бұрын алып тастау;

14.1.13 Директорлар кеңесінің Корпоративтік хатшысын (Директорлар кеңесінің хатшысын) тағайындау, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің Корпоративтік хатшысын (Директорлар Кеңесінің Хатшысын) лауазымдық жалақысының мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау, Директорлар кеңесінің Корпоративтік хатшысына (Директорлар кеңесінің хатшысына) сыйақы беру туралы шешім қабылдау, Директорлар кеңесінің Корпоративтік хатшысын (Директорлар Кеңесінің Хатшысын) тәртіптік жауапкершілікке тарту, тәртіптік жазаларды мерзімінен бұрын алып тастау;

14.1.14 қаржылық есептілік аудиті үшін аудиторлық ұйымның, сондай-ақ Қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміле мәні болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау бойынша бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін айқындау;

14.1.15 қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында Бірден-бір акционер мен Басқарма қабылдайтын құжаттарды қоспағанда), оның ішінде аукциондар өткізу және қоғамның бағалы қағаздарына жазылу шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту, Директорлар кеңесі бекітуге жататын құжаттардың тізбесін ол дербес айқындайды;

14.1.16 Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы Ережелерді бекіту;

14.1.17 Қоғамның басқа заңды тұлғалар акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызын сатып алуы (неліктен шығаруы) туралы шешімдер қабылдау;

14.1.18 заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының), сондай-ақ акцияларының не жарғылық капиталға қатысу үлестерінің он және одан да көп пайызы Қоғамға тиесілі түрлі ұйымдық-құқықтық нысандағы басқа да тұлғаның жалпы жиыналысының құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

14.1.19 Қоғамның міндеттемелерін оның меншікті капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын шамаға ұлғайту;

14.1.20 Қоғам немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын

өзге де құпияны құрайтын қызметі туралы ақпаратты айқындау;

14.1.21 Заңға сәйкес Бірден-бір акционер жасасуы туралы шешім қабылдайтын ірі мәмілелерді қоспағанда, ірі мәмілелерді және жасалуына Қоғамның мүдделілігі бар мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдау;

14.1.22 Қоғам қызметкерлерінің жалпы санын және ұйымдық құрылымын бекіту;

14.1.23 Жарғының 12-бабы 12.1-тармағының 12.1.8 - тармақшасында көзделген мәселені қоспағанда, Бірден-бір акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша алдын ала шешімдер қабылдау;

14.1.24 Қоғамның әкімшілік шығыстарының нормативтері мен өзге де лимиттерінің жекелеген түрлерін бекіту;

14.1.25 Қоғамның Басқарма мүшелерінің басқа ұйымдарда жұмыс істеу мүмкіндігіне қатысты келісім беру туралы шешім қабылдау;

14.1.26 Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомада активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы Қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы не өзге заңды тұлғалардың қатысушыларының (акционерлерінің) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;

14.1.27 Қоғамға оның қызметі мәселелері бойынша орындау үшін тікелей (жедел) тапсырмалар беру, сондай-ақ олардың орындалу нәтижелерін қарау;

14.1.28 Қоғамның корпоративтік басқару кодексінің қағидалары мен ережелерін сақтау/сақтамау туралы есепті бекіту;

14.1.29 2 500 000 000 (екі миллиард бес жүз миллион) теңге және одан жоғары сомаға инвестициялық жобаны қаржыландыру, сондай-ақ осындай жобаға тәуелсіз кешенді тексеру жүргізуге арналған шығыстарды қаржыландыруды мақұлдау туралы шешімдер қабылдау;

14.1.30 Қоғам омбудсменін тағайындау, өкілеттік мерзімін белгілеу және өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

14.1.31 Бірден-бір акционердің айрықша құзыретіне жатпайтын, заңнамада және (немесе) Қоғамның Жарғысында көзделген өзге де мәселелер.

14.2 Осы тармақтың 14.1.18 - тармақшасында көрсетілген мәселелер бойынша шешімдерді осы заңды тұлғалар акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналыстарында Қоғамның уәкілетті өкілдерінің кейіннен дауыс беруі мақсатында қоғамның акционер (қатысушы) ретіндегі ұстанымын анықтау үшін Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдайды.

14.3 Директорлар Кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді Директорлар кеңесі Басқармаға шешу үшін бере алмайды.

14.4 Директорлар кеңесі осы Жарғыға сәйкес Басқарманың құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ Бірден-бір акционердің шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқылы емес.

15-БАП ҚОҒАМНЫҢ БАСҚАРМАСЫ

15.1 Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылық жасауды Қоғамның алқалы атқарушы органы Басқарма төрағасы басқаратын кемінде 3 (үш) мүшеден тұратын Басқарма жүзеге асырады.

15.2 Басқарма Директорлар Кеңесінің мүшелеріне өздеріне жүктелген функцияларды орындау кезінде Қоғамның қызметі туралы, оның ішінде құпия сипаттағы ақпарат сұратуды алған күннен бастап он күннен кешіктірілмейтін мерзімде уақтылы берілуін қамтамасыз етеді.

15.3 Басқарма Бірден-бір акционердің және Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

15.4 Басқарма қызметін Директорлар кеңесі бақылайды, Басқарма осы Жарғыда,

Бірден-бір акционердің және Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен директорлар Кеңесіне Қоғамның қызметі туралы есептерді ұсынады.

15.5 Басқарма осы Жарғыда белгіленген тәртіппен тағайындалатын Басқарма Төрағасынан және мүшелерінен тұрады.

15.6 Қоғамның қызметкерлері Басқарма мүшелері болып табылады. Басқарма мүшесі басқа ұйымдарда Директорлар Кеңесінің келісімімен ғана жұмыс істеуге құқылы.

15.7 Басқарма төрағасының атқарушы орган басшысының не атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлғаның, басқа заңды тұлғаның қызметін атқаруға құқығы жоқ.

15.8 Басқарма мүшелері залалдың алдын алу, басқарма отырысын шақыруға бастамашылық жасау, Басқарма төрағасын хабардар ету және өзге де және қолжетімді тәсілдермен қоғам қызметін оңтайландыру үшін қажетті шаралар қабылдауға міндетті.

15.9 Басқарма мүшелері Басқарма Төрағасын өздері жетекшілік ететін мәселелер шеңбері бойынша істің жай-күйі туралы үнемі хабардар етеді.

15.10 Басқарма мүшесінің өзге де функциялары, құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Жарғымен, сондай-ақ аталған тұлға Қоғаммен жасасатын еңбек шартымен айқындалады.

15.11 Басқарма мүшелерінің өз еркімен орнынан түскен жағдайларда, Қоғамның уәкілетті органының шешімімен немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

15.12 Басқарма Төрағасымен Қоғам атынан еңбек шартын Директорлар кеңесінің төрағасы, ал басқарма мүшелерімен – Қоғам Басқармасының Төрағасы жасайды.

15.13 Басқарма отырыстарын шақыру және өткізу тәртібі Қоғамның ішкі құжаттарымен реттеледі.

15.14 Басқарма шешімдері отырысқа қатысып отырған Басқарма мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады.

15.15 Басқарма отырыстарын өткізуге арналған кворум Басқарманың сайланған мүшелері санының кемінде жартысын құрайды.

15.16 Дауыстар тең болған жағдайда Басқарма Төрағасының немесе Басқарма отырысында төрағалық етуші тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.

15.17 Басқарма отырысында мәселелерді шешу кезінде Басқарманың әрбір мүшесі бір дауысқа не болады.

15.18 Қоғамның Басқарма мүшесінің дауыс беру құқығын өзге тұлғаға, соның ішінде Басқарманың басқа мүшесіне беруге жол берілмейді.

15.19 Басқарма отырысының шешімдерін жедел қабылдау мақсатында Қоғам офисінен тыс орналасқан және Басқарма отырысына қатысуға өз ниетін білдірген басқарма мүшелерімен тиісті байланыс құралдарын (аудио, бейне) қолдана отырып, селекторлық кеңес арқылы ұйымдастырылуы мүмкін. Бұл ретте Басқарманың алдағы отырыстарына Барлық материалдар ішкі құжаттармен белгіленген тәртіпте жоқ Басқарма мүшелеріне жіберіледі.

15.20 Қоғам Басқармасының шешімдері хаттамамен ресімделеді, оған отырысқа қатысып отырған Қоғам басқармасының барлық мүшелері, соның ішінде отырысқа конференц байланыс арқылы қатысқан Қоғам Басқармасының мүшелері, әрбір мәселе бойынша Қоғам Басқармасының әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижесін көрсете отырып, олар бойынша дауыс беру қорытындылары қол қоюы тиіс.

15.21 Қоғам Басқармасының Төрағасы:

15.21.1 Бірден-бір акционердің және Директорлар кеңесі мен Басқарма шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

15.21.2 үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғам атынан сенімхатсыз әрекет етуді;

15.21.3 үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста Қоғамның атынан өкілдік ету құқығына сенімхат береді;

15.21.4 Басқарма мүшелері арасындағы міндеттерді, сондай-ақ өкілеттілік және жауапкершілік салаларын бөледі;

